

# Еуразиялық логистика

Орналасқан жері: Қазақстан

Жоба нөмірі: 53147

Сала: Көлік

Мемлекеттік/жеке сектор: жеке сектор

Бекітілген күні: 30 Қараша 2022

Жағдайы: **Тұжырымдаманы қарау аяқталды, Құрылымды қарау күтілуде**

Ағылшын тіліндегі жоба түйіндемесінің жарияланған күні: 2 Қыркүйек 2022

Осы Жобаның түйіндемесін жариялау "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" директиваның 1.4.4-тармағына сәйкес кейінге қалдырылды, бұл Ақпаратқа қол жеткізу саясатының III бөлімінің 2.6-тармағымен рұқсат етіледі.

## Жобаның сипаттамасы

«Eurasia Supply Chain Aktau» ЖШС (бұдан әрі – Компания) пайдасына 14 млн АҚШ долл. дейінгі мөлшерде аға кредит беру.

## Жобаның мақсаты

Кредиттік қаражат Ақтаудағы арнайы экономикалық аймақта құрастыру және өңдеу цехтары бар кедендік логистикалық қойма құрылысын (бұдан әрі – Жоба) қаржыландыру үшін пайдаланылатын болады.

## Қайта құру әсері

ETI: 63

Өтпелі кезеңнің әсері «интеграцияланған» және «инклюзивті» қасиеттерге байланысты болады деп күтіледі.

Жоба Орта дәліз (Транскаспий халықаралық көлік маршруты) бойынша сауда жүргізуге ықпал ету үшін логистикалық инфрақұрылым мен көрсетілетін қызметтерді жақсартады. Бұл Шығыс Азия және Каспий маңы өңірінің өндірушілері үшін халықаралық нарықтарға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, екі өңірдің елдері арасында жаңа байланыстар орнатуға мүмкіндік береді.

Осы секторда білікті қызметкерлер дайындау үшін Жобада логистика және жеңіл өнеркәсіп саласы үшін жаңа технологиялар, тәсілдемелер мен тиісті машықтар анықталатын және белгіленетін болады. Осыған сәйкес жергілікті оқу орталығымен серіктестікте жаңа оқу бағдарламасы әзірленіп, іске асырылады. Бағдарлама кредит қолданылатын мерзім ішінде кемінде 120 жастың логистика және жеңіл өнеркәсіп секторларында жұмысқа тұру үшін қажет негізгі машықтарды иеленуіне мүмкіндік береді.

## Клиент туралы ақпарат

«Eurasia Supply Chain Aktau» ЖШС

Компания Қытайда тіркелген Shanghai Ace Investment & Development Co., Ltd. (ACE) компаниясына – 70%-ы және Jiangsu Xinhailian Development Group Co., Ltd. (Jiangsu) компаниясына - 30%-ы тиесілі Lianyungang Asia Euro B&R Supply Chain Base Limited (BRS) компаниясы Қазақстанда Жобаның мақсаттары үшін құрған арнайы мақсаттағы ұйым болып табылады. ACE негізінен жеткізілімдер тізбегінде логистикалық қызметтер көрсетеді және саудамен айналысады, ал Jiangsu қаланың шығыс бөлігіндегі Ляньюньган Экономикалық және техникалық дамыту аймағында инфрақұрылымды дамыту үшін жауапты мемлекеттік кәсіпорын болып табылады.

## ЕҚДБ қаржыландыруы

14 млн АҚШ долл.

Баламасы 14 млн АҚШ долл. дейін сомада АҚШ долларымен 8 жыл мерзімге аға кредит.

## Жобаның жалпы құны

22 млн АҚШ долл.

## Толықтырылуы

Қазіргі уақытта әйелдер Қазақстанда көлік, байланыс секторындағы және қойма операциялары секторындағы жұмыс күшінің жалпы санының 25%-ын құрайды. Гендерлік алшақтық әсіресе техникалық лауазымдарда, сол сияқты басшы позицияларда көзге ұрады. Компания өзіне барлық лауазымдардағы (басқарушылық, техникалық және операциялық) әйел жұмыскерлердің санын 40%-дан төмен емес деңгейде ұстап тұру міндеттемесін алады.

## Экологиялық және әлеуметтік ақпарат

Жоба 2019 жылғы ЭЭС-қа сәйкес В санатына жатқызылған. Жобаны кешенді экологиялық-әлеуметтік зерттеуді (бұдан әрі – КЭЭЗ) тәуелсіз консультант жүргізді және оған ағымдағы түсіндірме құжатты қарау, объектіге бару және Компания ұсынған Ақтау қаласындағы базаны салу мен пайдалану жоспарларын талдау кірді. Сонымен қатар КЭЭЗ жеткізілімдер тізбегін кешенді зерттеуді қамтыды, оның мақсаты тауарлар мен материалдар жеткізілімдері тізбегінің маршруттарын түсіну, әлеуетті өнім берушілермен байланысты жеткізілімдер тізбегінің ықтималды тәуекелдерін бағалау және Ақтау қаласындағы база үшін жарамды жеткізілімдер тізбегін басқару жүйесін (бұдан әрі – ЖТБЖ) ұсыну.

Негізгі экоәлеуметтік тәуекелдер Ақтау қаласындағы база объектілері пайдаланатын әлеуетті өнім берушілермен байланысты жеткізілімдер тізбегінің проблемаларымен шартталған. Жоба тауарлардың екі негізгі санатын: Қытайдан, Жапониядан, Оңтүстік Кореядан және басқа да елдерден әкелінетін дайын өнімдер мен жартылай фабрикаттарды өңдеуді көздейді. Тауардың түрі клиенттің сұранысы бойынша анықталатын болады. Жеткізілімдер тізбегінің ықтималды тәуекелдерін басқаруды қамтамасыз ету үшін Жобаның шеңберінде кешенді ЖТБЖ әзірленіп, қабылданады, ол мыналарды қамтиды: (i) саясатты баяндау және Компанияның адам құқығына және барлық жеткізілімдер тізбегі бойынша

тәуекелдерді басқаруға қатысты міндеттемелері сипатталған Іс-қылық кодексі; (ii) барлық өнім берушілердің тәуекелдерін тексеру; (iii) өнім берушілердің тәуекелдерін өзін-өзі бағалау құралдары арқылы бағалау; (iv) өнім берушілердің тәуекелдерін ранжирлеу және эскалация процедурасы; және (v) жоғары тәуекелді өнім берушілерге еңбек аудитін жүргізу. ЖТБЖ ендіру және Жоба ауқымы артқан сайын қажетті толықтырылымдарды енгізу немесе уақыт өте келе өзгерістер енгізу үшін жеткізілімдер тізбегі бойынша білікті сарапшы тұрақты негізде тартылатын болады. Бағалау жөніндегі тәуелсіз маман Компанияның өзінің барлық жеткізілімдер тізбегіндегі тәуекелдерді басқару тиімділігін растау үшін ЖТБЖ тиімділігінің көрсеткіштерін жыл сайын тексеріп отыратын болады.

Жобаның және келешектегі қызметтің басқа да экоәлеуметтік аспектілеріне персоналдың және халықтың еңбегін қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға ден қоюға әзір болу, қалдықтарды басқару, ресурстарды пайдалану тиімділігі және мердігерлердің экоәлеуметтік мәселелерін басқару кіреді. Жоба шеңберінде жер учаскесін сатып алу немесе халықты қоныс аударту күтілмейді. Компания жергілікті еңбек заңнамасы мен ЭСП PR2 талаптарының негізінде өзінің еңбек ресурстарын басқару іс-тәжірибесін іске асыру үшін адам ресурстарын басқару жүйесін әзірлеп, ендіреді. Сонымен қатар дайын өнімдерді құрастыруға және өңдеуге қатысатын жұмыскерлер үшін объектіде жобаланған және салынған тұрғын жайлардың жергілікті заңнаманың және ЕҚДБ/ХҚК-ның жұмыскерлерді орналастыру жөніндегі 2009 жылғы Жетекшілігінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету керек болады.

Экоәлеуметтік саладағы (ESAP) іс-қимыл жоспарына жобалау қызметі үшін экоәлеуметтік басқарудың формалданған жүйелерін құру мен мердігерлерге қойылатын тиісті экологиялық және еңбек талаптары, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасының талаптары (COVID-19 тәуекелдерін басқаруды қоса), сондай-ақ олардың тиімділігін үнемі тексеру, ластануды болдырмау жоспарын әзірлеу және ендіру, қалдықтарды басқарудың тиісті жүйесі мен жұмыскерлерді орналастыруды басқару жоспарын ендіру кіретін болады.

Компания негізгі мүдделі тараптармен, әсіресе базаның маңайында тұратын жергілікті халықпен өзінің Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарының (SEP) шеңберінде консультациялар жүргізеді және шағымдарды қараудың жергілікті халыққа қолжетімді механизмін ендіреді. SEP ендіруді басқару үшін халықпен байланыс жөніндегі маман тағайындалады.

Банк экоәлеуметтік аспектілер бойынша жыл сайынғы есептерді талдау арқылы және қажет болған жағдайда банк өкілінің объектіге баруы арқылы Жоба мониторингін жүзеге асыратын болады.

## Техникалық ынтымақтастық (ТЫ) және қаржыландырудың гранттық құрамдасы

Жоба қол қойылғаннан кейін ТЫ-дан жергілікті кәсіптік-техникалық оқу орындарымен серіктестікте логистика және жеңіл өнеркәсіп секторында жұмысқа тұру үшін қажет негізгі машықтар қамтылған оқыту бағдарламасын әзірлеуге және ендіруге Компанияның жәрдем көрсетуіне бағытталған қолдау алады.

Тапсырманың болжамды құны 60 000 еуроға дейін.

Қаржыландыру екіжақты негізде көмек ұсынатын ұйыммен немесе ЕҚДБ акционерлерінің арнайы қорымен гендерлік мәселелер мен инклюзивтілік бойынша ТЫ негізінде расталуы тиіс.

## Компаниядағы байланысатын тұлға

- Байланысатын тұлға: Иньин Бао (Yingying Bao)
- Телефон: +86 13122104358
- Сайт: <http://www.aceonline.cn/>
- Электрондық пошта: [baoyingying@ace-sulfert.com](mailto:baoyingying@ace-sulfert.com)
- Факс: +86 021 58369851
- Шанхайдағы пошталық мекенжай: 36F World Plaza No. 855 Pudong Road (S) Pudong Shanghai China 200120

## Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартылған күні

2 Қыркүйек 2022

## Өтпелі процесс дегеніміз не

ЕҚДБ-ның жобалардың өтпелі процеске болжамды әсерін бағалауға қатысты қосымша ақпарат [осы жерде](#) қамтылған.

## Жобаларға қатысу мүмкіндіктері

Жобаға немесе сатып алуға қатысу туралы компанияға – клиентке хабарласуыңызды сұраймыз.

ЕҚДБ-мен ынтымақтастық жөнінде (сатып алуға қатысы жоқ) мына байланыс деректері бойынша хабарласуыңызды сұраймыз:

Тел.: +44 20 7338 7168

Эл. пошта: [projectenquiries@ebrd.com](mailto:projectenquiries@ebrd.com)

Мемлекеттік сектордағы жобаларды: [EBRD Procurement](#) қараңыз, тел.: +44 20 7338 6794

Эл. пошта: [procurement@ebrd.com](mailto:procurement@ebrd.com)

## Жалпы анықтамалар

Нақты ақпараттық сұрауларды ақпараттық сұрауларға арналған [ЕҚДБ формулярын](#) пайдалана отырып жолдауға болады.

## Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭЭС)

[ЭЭС](#) және оған байланысты жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT)

ЕҚДБ «экологиялық жауапты және орнықты дамуды» ілгерілетуге өзінің ұмтылысын іске асыратын рәсімді айқындайды. ЭЭС және IAT-да клиенттерге

ақпараттандыру және жұртшылықпен консультациялар жөніндегі ұлттық заңнаманың тиісті нормаларын орындау бойынша, сондай-ақ мүдделі тараптардың, әсіресе клиент пен жобаның экологиялық-әлеуметтік қызметіне қатысты алаңдаушылықтары мен шағымдарын қарауға және қанағаттандыруға ықпал ету үшін шағымдарды беру және қарау тетігін белгілеу бойынша нақты талаптар қамтылған.

Қажет болған жағдайда ЕҚДБ экологиялық-әлеуметтік тәуекелдердің сипаты мен ауқымына және жобаның әсеріне қарай өз клиенттерінен жобалардың тәуекелдері мен әсері туралы ақпаратты ашуды, сондай-ақ пікірлер алу және олар бойынша жауап шараларын қабылдау мақсатында мүдделі тараптармен егжей-тегжейлі консультациялар жүргізуді қосымша талап етеді.

ЕҚДБ тәжірибесі бойынша осы саладағы қосымша ақпарат [ЭЭС-де](#) бар.

## Іскерлік адалдық және белгіленген нормаларды сақтау

ЕҚДБ комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) жауапты басқаруға ықпал етеді және Банк қызметінің барлық аспектілері іскерлік адалдықтың ең жоғары стандарттарына жауап беруін және озық халықаралық практикаға сәйкес келуін қадағалайды. Іскерлік адалдықты тексеру Банктің барлық клиенттеріне қатысты қызметті жосықсыз жүргізуге байланысты қолайсыз тәуекелдерді, сондай-ақ ЕҚДБ үшін бедел тәуекелдерін болдырмау үшін жүргізіледі. Банк жобаларды алдын ала бағалау және мақұлдау сатысында проблемалық аспектілерді анықтау және алып тастау Банк мәмілелерінің бедел тазалығын қамтамасыз етудің неғұрлым тиімді құралы болып табылады деп пайымдайды. Комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) осы профилактикалық іс-шараларда негізгі рөл атқарады, сондай-ақ инвестициялаудан кейінгі кезеңде банктің іскерлік беделі үшін тәуекелдердің мониторингін жүзеге асыруға көмектеседі.

Сондай-ақ КББ ЕҚДБ қаржыландыратын жобалар шеңберінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және лауазымдық теріс қылықтар жасау фактілері туралы ақпаратты тексеруге жауапты. Егер Банк ішінде немесе одан тыс жерлерде кімде-кімнің алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттері жасалғаны туралы күдігі болса, ол олар туралы [compliance@ebrd.com](mailto:compliance@ebrd.com) электрондық пошта мекенжайына хабарлама жібере отырып, ол туралы комплаенс-бақылау басқармасының бастығына жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Барлық хабарланған фактілерді КББ олар бойынша тиісті шаралар қабылдау тұрғысынан қарайтын болады. Жөнелтушінің аты-жөні көрсетілмеген хабарламаларды қоса алғанда, барлық хабарламалар бойынша тексерулер жүргізілетін болады. Бұл хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары елінің кез келген тілінде жасалуы мүмкін. Мұндай ақпарат жақсы ниетпен хабарлануы керек.

## Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

2020 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген АҚС стратегияларын, саясаты мен операциялық қызметін неғұрлым терең білуге және түсінуге жәрдемдесу үшін ЕҚДБ-да белгіленген ақпаратты ашу және мүдделі тараптармен консультациялар өткізу тәртібін айқындайды. Қолда бар ақпаратпен танысу үшін ЕҚДБ веб-сайтындағы [«Ақпаратқа қолжетімділік саясаты»](#) бөліміне кіріңіз.

Нақты ақпараттық сұрауларды ақпараттық сұрауларға арналған [ЕҚДБ формулярын](#) пайдалана отырып жолдауға болады.

## Жобалар бойынша есеп берудің тәуелсіз органы (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

[Экологиялық және әлеуметтік саясаттың](#) талаптарын және осы жобаға жататын [Ақпаратқа қолжетімділік саясатының](#) ережелерін Банктің орындайтын орындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді. IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау [Сұранысын тапсыру](#) туралы көбірек мәлімет білу үшін [Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына](#) кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға [ipam@ebrd.com](mailto:ipam@ebrd.com) электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.